

Балқаш қаласының аумағында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар және пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары туралы

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2020 жылғы 27 шілдедегі № 41/334 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 шілдеде № 5988 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарда ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңына сәйкес қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін оларды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормаларын, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық камтамасыз етуге қойылатын талаптар осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. Балқаш қалалық мәслихатының 2016 жылғы 08 маусымдағы №3/32 "Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3880 болып тіркелген, 2016 жылғы 01 шілдедегі "Балқаш өңірі" №72-73 (12466) және "Северное Прибалхашье" №54-55 (1519) газеттерінде, 2016 жылғы 12 шілдедегі "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Қалалық мәслихат хатшысы

Б. Алипов
К. Тейлянов

Балқаш қалалық
мәслихатының
2020 жылғы 27 шілдесі
№ 41/334
шешіміне
1 қосымша

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, пайдалану тәртібі және олардың шекті толу нормалары, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін

арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

1. Балқаш қаласында бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар мен олардың шекті толу нормалары төмендегідей айқындалсын:

- 1) Ленин көшесі бойындағы "Қаланың алғашқы құрылысшыларына" ескерткіш алдында. Шекті толу нормасы-500 адам;
- 2) Калмыкова тұйық көшесінде орналасқан "Металлург" стадионы алаңында. Шекті толу нормасы -500 адам.

Ымырт жағдайында бейбіт жиналыстар өткізуге арналған арнайы орындар жарықпен қамтамасыз етілуге тиіс.

Балқаш қаласында шерулер мен демонстрациялардың маршруттары:

Алихан Бөкейханов көшесі (Калмыкова тұйық көшесінен бастап Желтоқсан көшесіне дейін).

2. Ұйымдастырушы мен оның қатысушылары бейбіт жиналыстар өткізуге арналған арнайы орындарды мынадай тәртіппен пайдаланылады:

- 1) хабарламада көрсетілген уақыт бойы жиналыс үшін арнайы орын аумағында болады;
- 2) ғимараттардың, құрылыстардың, шағын сәулет нысандарының, жасыл екпелердің, сондай-ақөзге де мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді;
- 3) қауіпсіздік техникасының санитарлық нормалары мен ережелерін, қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтайды.

Балқаш қалалық мәслихатының
2020 жылғы 27 шілдедегі
№ 41/334 шешіміне
2 қосымша

Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 29.03.2024 № 12/104 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Пикеттеуді жүргізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары Балқаш қаласының келесі нысандарында 800 метр қашықтықта айқындалады:

- 1) жаппай жерлеу орындары;
- 2) темір жол, су, әуе және автомобиль көлігі;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдар;
- 4) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының резиденциясы;

5) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда;

6) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде айқындалады.